

## **Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензия беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қаңтар N 14

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828\_ Заң күші бар Жарлығының 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ембімұнайгаз" ашық акционерлік қоғамына XXI-14-A, B, C, D, E, F;

XXI-15-A, B, C, D, E, F; XXII-14-A, B, C, D, E, F; XXII-15; XXII-16-A, B, D, E; XXIII-14-A, B, C, D, E, F; XXIII-15; XXIII-16-A, B, D, ; XXIV-14-A, B, C; XXIV-15-A, B, C; XXIV-16-A, B блоктарында көмірсутегі шикізатын барлауға және өндіруге лицензия берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті лицензияда геологиялық бөлудің картограммасына сәйкес келісім-шарттық аумақтардың шекараларын көрсетсін, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Нарбаев Е.